

Масимбаева А.А.,  
Алдабек Н.Ә.

**Х. Досмұхамедұлының  
публицистикасындағы ғылыми  
көзқарастар**

Мақалада Алаш қайраткерлерінің бірі Халел Досмұхамедұлының қазақ публицистикасының дамып, өркендеуіне қосқан үлесі баяндалады. Ол өзінің бүкіл саналы ғұмырында, 1905 жыл мен 1927 жылдар аралығында көптеген публицистикалық, ғылыми-танымдық мақалалар жазып, өзі өмір сүрген уақыттың тарихи шежіресін жасады. Ол патша үкіметі, кеңес үкіметі тұсындағы Қазақстандағы саяси ахуал, сыртқы жағдай, оқу-ағарту, медицинаны дамыту, халықтың денсаулығы, өнер, әдебиет, тарих, тіл тағы да басқа маңызды тақырыптарға қалам тартты. Қандай да бір мәселені зерттеп, дайындап барып жазу, өз заманының ең келелі мәселелеріне назар аудару, проблемалардың шешімін іздестіру, халыққа қарапайым тілмен түсіндіріп жеткізу, жетістіктермен қоса кемшіліктерді ашық айтып, оларға көңіл бөліп отыру Халел Досмұхамедұлының публицистикасын айқындайтын өзгешеліктер. Қаламынан туған қай шығармасы болсын, нағыз қайраткерлік, ұлтжандылық қасиеттің айқын көрінуі Халел Досмұхамедұлы публицистикасының басты ерекшелігі екендігі сараланады.

**Түйін сөздер:** публицистика, интеллектуальдық біліктілік.

Masimbaeva A.A.,  
Aldabek A.A.

**Scientific approaches to  
journalism H. Dosmukhamedov**

Contribution made by one of the «Alash' leaders, Khalel Dosmukhameduly, to develop and prosper the Kazakh publicism is presented in the article. Throughout his life Khalel Dosmukhameduly wrote lots of publicist, scientific and educational articles in the 1905-1927 and made history chronicles of his time. He wrote on different significant topics, such as political situation, external affairs of Kazakhstan within the periods of tsarist government and soviet government and also education, medicine development, health of people, art, literature, history, language and etc. Investigation one definite problem and then write on that topic, paying regard for core issues of his time, searching for resolutions of problems, explanation to the people in lay terms and telling them of achievements as well as setbacks are peculiarities that define his publicity. Diligence and community spirit, which are explicitly demonstrated in any work of Khalel Dosmukhameduly, are the main features of his publicistic writings.

**Key words:** Journalism, intellectual skills.

Масимбаева А.А., Алдабек Н.А.

**Научные подходы  
в публицистике  
Х. Досмұхамедұлы**

В статье представлен вклад одного из лидеров партии «Алаш» Халела Досмұхамедұлы в развитие казахской публицистики. На протяжении всей своей жизни Халела Досмұхамедұлы написал много публицистических, научно-образовательных статей, которые в 1905-1927 гг. вошли в историю своего времени. Он писал на разные значимые темы, такие как: политическая ситуация, внешнеполитическая деятельность Казахстана в период царского правительства и советского правительства, а также темы образования, развития медицины, искусства, литературы, истории, языка и т.д. Трудлюбие и дух творчества, которые явно проявляются в любой работе Халела Досмұхамедұлы, являются главными особенностями его публицистических произведений.

**Ключевые слова:** Публицистика, интеллектуальные навыки, творчество.

**Х. ДОСМҰХАМЕДУЛЫ-  
НЫҢ ПУБЛИЦИСТИКА-  
СЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ  
КӨЗҚАРАСТАР**

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының рухани дамып өсуіне, қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына сол тұстағы қазақ зиялыларының, оқығандарының қосқан үлесі зор болды. Аумалы-төкпелі заманда олардың ұстанған көзқарастары мен ой-пікірлерін біреу түсінсе, біреу түсінбегені ақиқат. Бүгінгі таңда қазақ зиялылары туралы тың деректер жазылып, олардың ұстанған позициясы туралы ашық айтыла бастады.

Өзінің азаматтық болмысымен, өмір тарихыменен, білгірлігімен ел есінде қалып, халқы үшін ерен еңбек еткен қазақ зиялыларының бірі – Халел Досмұхамедұлы болды. Ғылым мен білімнің, шығармашылықтың сан саласында қызмет еткен Халел Досмұхамедұлының есімі бізге ең алдымен білікті дәрігер, қоғам қайраткері, тарихшы, фольклортанушы, тіл маманы және көсемсөз шебері ретінде белгілі.

Жастайынан дүниенің кілті – ғылымда екендігін ұққан Халел білім мен еңбекке ұмтылды. Ел ішіндегі түрлі қисса-дастандарға, аңыз-жырларға, ертегілерге құлақ түріп тыңдап, халық мұрасына ерекше ықыласты болды.

Темір уезіндегі орыс-қазақ мектебін үздік бітірген қыр баласы Теке (Орал) қаласындағы әскери училищені білімін жалғастырып, орыс тілінде еркін сөйлеуімен ұстаздарын да, қатарластарын да таңғалдырды. Училищедегі өмірі Халелдің көп нәрсеге көзін ашты, рухани марқайтты. Білімге деген құштарлығын арттырып, болашағын бағдарлауға мүмкіндік алды.

Одан кейінгі жылдарда Санкт-Петербург қаласындағы Әскери Медициналық Академияның студенті атанған Халелдің қоғамдық ой-санасының жетілуіне алып шаһардағы жоғары оқу орындарының Халел секілді оқушы жастардың жаңаруды, өзгерісті қалаған төңкерісшіл көңіл-күйі, ұстанған көзқарастары және әртүрлі саяси-әлеуметтік мүддені көздеген саяси партиялар мен ұйымдардың позициялары әсер етпей қоймады. Халелдің санасында халқына пана болсам деген ізгі ниет ерте бүр жарды. Алып шаһарда жүріп көп ізденді, көп оқыды. Өзіне идеялас, пікірлес достар тапты. Соның бірі – сол кезде І Александр атындағы Жол қатынасы институтының студенті М.Тынышбаев еді.

Белгілі шығыстанушы ғалым, академик В.В.Радлов, Қазан лингвистика мектебінің негізін қалаушылардың бірі, орыс фонологиясының атасы атанған профессор Бодуэн де Куртэне, шығыстанушы ғалым В.В.Бартольд т.б. таныс болып қана қоймай, тығыз шығармашылық, ғылыми байланыста болды. Ғылым көкжиегін кеңейтті. Оның ұлттық әдебиет пен тарихқа, тілге қатысты іргелі еңбектерінің жазылуына осы аталған ғалымдар мен зерттеушілердің ықпалы, әсері болғандығы күмәнсіз.

Х.Досмұхамедұлы 1905 жылы Санкт-Петербургта болған әйгілі «Қанды жексенбі» оқиғасын өз көзімен көрді. Жай көріп қана қоймай, сол тұста шығып тұрған «Фикер», «Уральский листок» газеттерінде мақалалар жазып, осы оқиғаның себептерін, барысын халыққа түсіндіріп отырды. Қарулы қантөгіске ұласқан саяси-әлеуметтік дағдарыстың ұшқыны шет аймақтарға, оның ішінде қазақ жеріне жетуі мүмкін екендігін ескертті. Сол жылдары Халел Досмұхамедұлы Орал облысындағы аймақтарға барып, үгіт-насихат жұмыстарымен айналысты. Газет беттеріндегі мақалаларында ол жоғарыда айтып кеткен мәселелермен қатар, саяси толқулардың мәнін түсіндіріп бақты.

«Фикер», «Уральский листок» газеттерінде жарық көрген мақалалары жанрлық тұрғыдан ақпараттық хабарлар, корреспонденциялар болғанымен, ел ахуалынан бөлек қазақ халқының салт-санасы, тарихы, тілі мен әдебиетінің мәселелері Халел қаламынан тыс қалған жоқ. 1913 жылы «Қазақ» газетінің редакторы, Алаш көсемдерінің бірі А.Байтұрсыновтың аталмыш газетте «Ауру жайынан» деген мақаласы жарық көреді. Осы мақалаға алғашқылардың бірі болып үн қосқан Х.Досмұхамедұлы болды. Ол газеттің 13,14 сандарында «Тамыр дәрі хақында» мақаласын жариялайды. Мақалада тамыр дәрі аталуының себептері, оның пайдасы жөнінде дәрігер ретінде толық анықтама береді. «Ауруға пайда ма, залал ма, онысына қарамай, қай ауру болса да мейлі, бұл заманда қазақ барлық дертті тамыр дәрімен емдейді. Халықты емдеуші дәрігерлер, ауруханалар қазақ ішінде жоқ деп айтса да болғандай... Қайтерсің, надан халыққа дәрігер дегендер арамза молда», [1] – деп халықтың сауатсыздығын пайдаланып жүрген ел ішіндегі емші, молдаларды сынады. Сөйтіп тамыр дәрінің пайдасы, оны қалай қолдану керектігін түсіндіреді. Шағын мақаладан Халелдің ұлт болашағына алаңдаушылығы айқын сезіледі. Халелдің публицистикадағы қалам алысы міне осы мақаламен басталған еді.

Дәрігер ретінде Халел сол тұста ел ішін жайлаған түрлі жұқпалы аурулардың, атап айтқанда «оба» дертінің ошақтарында болды. Қарапайым халыққа ол аурулармен қалай күресу керектігін, алдын алудың, сақтанудың жолдарын түсіндіріп, баспа беттерінде мақалалар жариялап отырды. Денсаулық, оны сақтаудың жолдары жайындағы жазған ғылыми-көпшілік, публицистикалық мақалаларымен сол заманда талай жандардың өмірін сақтап қалғандығына ешкім да тудырмаса керек.

Маман дәрігер ретінде Халел Досмұхамедұлы медицина саласына қатысты көптеген мақалалар жариялап тұрды. «Сары кезек – сүзек» («Қазақ», 1914 ж., №64-65), «Жұқпалы ауру хақында» («Қазақ», 1914 ж., №60, 62), «Оқушылардың саулығын сақтау» («Жас қазақ» газеті 1924 ж., №4), «Чума қандай ауру» («Ақ жол» газеті 1924 ж., №43), «Бит туралы» («Жас қайрат» журналы 1924 ж., №3-4), «Биттен сақтану жолдары» («Жас қайрат» журналы 1924 ж., №5), «Жұқпалы аурулар» («Ақ жол» газеті 1925 ж., №552) тағы да басқа мақалаларында түрлі дерттердің алдын алу шаралары қарапайым тілмен түсіндірілді. Бұл мақалалар күні бүгінге дейін өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Көсемсөз шебері Халел Досмұхамедұлының осындай мақалалары сол тұстағы мемлекеттің қалың бұқараны әлеуметтік тұрғыдан қорғауға қауқары жеткіліксіз қиын шақта ауадай қажет болып тұрды. Осы ретте Халелдің «Чума қандай ауру?» атты көлемді мақаласы жөнінде айтпай кетпеске болмайды. Мақала композициясы мазмұндық құрылымы жағынан бірнеше жікке бөлінген: «Чума қандау ауру?», «Чума құрты деген не?», «Чума ауруының түрлері», «Без чумасы», «Чуманың орындары», «Қазіргі чума қайдан келген?», «Чумадан қалай сақтану керек?», «Чума таралмас үшін қандай қылу керек?». Осылайша аталған ауруға, оның түрлеріне нақты анықтама беріп, одан сақтанудың жолдарын көрсетеді. Композициялық жағынан бұлайша жүйелеп, оқырманның көкейіне қонымды етіп жазу әдісі – дарынды публицистің шеберлігі деуге болады.

Халел Досмұхамедұлы өмірінің Ташкенттегі кезеңін шығармашылық және ғылыми саладағы ең бір жемісті кезеңі саналады. Осы кезеңде оның ұйымдастырушылық, ғылыми-педагогикалық таланты мен қыры ерекше жарқырай көрінді. Бірнеше қоғамдық істерді атқара жүріп, ұлттық мектептердің жаңа жүйесін құру, қазақ тіліндегі ғылыми терминология жасау секілді өзекті мәселелерге белсене араласты. Ж.Аймауытов, М.Жұмбаев, М.Әуезов т.б. замандастары секілді Ха-

лел де педагогикалық қызметін қазақ тіліндегі оқулықтар, оқу құралдарын шығару ісімен шебер ұштастыра білді. Халел Досмұхамедұлының тікелей мұрындық болуымен Білім комиссиясы баспаға дайындаған А.Байтұрсыновтың «Өліппе», «Баяншы», «Тіл-құрал», М.Дулатовтың «Оқулық құралы», «Есеп құралы», өзінің «Жануарлар», «Табиғат тану», «Адамның тән тірлігі», С.Қожанұлының «Арифметика» және Ә.Диваевтың «Бекет батыр», «Мырза Едіге», «Алпамыс», «Шора батыр», «Нәрікұлы Шора батыр», Ә.Бөкейхановтың «Сұлтан Кенесары тарихына қосымша материал», (орыс тілінде) «Абай өлеңдерінің жинағы (алғы сөз, түсініктемелерімен) жеке кітап болып жарық көреді.

1921 жылы Білім комиссиясы ұйымдастырған іссапар Х.Досмұхамедұлының кейінгі жазған еңбектеріне елеулі әсер, үлкен көмек болғаны белгілі. Осы іссапар барысында ол Асан қайғы туралы жаңа деректер, тарихи құжаттар тауып, оны баспаға өткізгендігі туралы М.Жұмабаев Ғылыми кеңес мәжілісінде баяндайды.

Қазақ-қырғыз Білім комиссиясының төрағасы бола жүріп Халел Досмұхамедұлы 1923 жылы «Сана» атты ғылыми-көпшілік журналын шығарады. Сол тұстағы белгілі себептерге байланысты үш-ақ нөмірі ғана шығып, ғұмыры қысқа болса да, журналдың қазақ баспасөз тарихында үлкен орын алды.

Кезінде С.Мұқанов осы журналды ұлтшылдардың қолындағы басылым ретінде «Ақ жол», «Шолпан» журналдарымен қатар атаған болатын. Ал «Қазақ совет энциклопедиясында» осы журнал туралы айта келіп, онда жарық көрген мақалалардың тақырыптарын атап көрсеткен. Оларды «тарих, археология», этнография, медицина, астрономия, және химия ғылымдарын алғашқы қадамда таныстыруға, жұртшылыққа өнер –білімнің маңыздылығын насихаттауға арналады» [2], – деп бағалаған. Журналдың негізгі мақсаты туралы Х.Досмұхамедұлы алғашқы нөмірінде былай деп жазады: «Заманымыз-мәдениет заманы, мәдениетке білім жеткізеді. Білім оңайлықпен қолға түспейді. Білім алуға көп еңбек, аса сабыр керек... «Сананы» шығарғандағы мақсатымыз – аз да болса кемшіліктерді жойып, аңсаған елге, алақтаған мұғалімдерге, жасөспірім шәкірттерге түсінікті сөз беру. Бұл өте ауыр жұмыс, дегенмен кіріспеске амал жоқ» [3], – дейді. Аз сөзге сыйған сөйлемдерден ұлт жанашырының мақсаты айқын, бағдары – елінің жарқын болашағы екендігін көреміз. Бұған қоса Х.Досмұхамедұлы әдеби мұраларды, рухани қазынаны көбірек насихаттауға, ана тілінде жа-

риялауға баса мән бергендігін атап өткен жөн. «Сананың» тұңғыш сандарында-ақ М.Тынышбаевтың «Түрік-моңғол тарихы», Ә.Диваевтың «Бұрынғы заманнан қалған заттарды қалай һәм қайдан іздеуге», М.Әуезовтің «Қазақстан, Түркістан жерінің, халқының саны», М.Жұмабаевтың «Ақан сері», «Жұлдызды – жүрек, айды – алқа ғып берейін», «Сәрсембайдың жыры», Х.Досмұхамедұлының «Қазақ-Қырғыз Білім комиссиясынан», «Ұйқы деген немене?», «Машинаның күші», «Жұлдыздарды күндіз көруге бола ма?», «Миллион деген немене?», «Шәкірт саулығын сақтау» секілді тарихи, этнографиялық, ғылыми-танымдық, әдеби және мәдени бағыттағы, әртүрлі жанрадағы публицистикалық мақалалар, ауыз әдебиетінің нұсқалары жарық көрді.

1924 жылы «Сана» журналының 2-3 сандарында Халелдің «Әруақпен айтысу» деген мақаласы жарияланды. «Қазақ жұрты өліктерін өте сыйлайды. Там салу, ас беру, өліктің әруағына сиыну секілді ырымдар қазақтың бұрынғы шамандығынан қалған ырымдар. Күйікке шыдай алмай сүйгенінің моласына барып зарлайды. Моладағы кісіден жауап алады. Іштегі шерін шығарып мауқын басады. Өлік зарлаушыға жауап береді. Мола басында айтыс болады. Аруақпен айтысу-жоқтаудың бір түрі. Аруақпен айтысу көбінесе ерлі-зайыпты адамдардың арасында болады» [4] – деп көнеден келе жатқан, бірақ ұмытылып бара жатқан дәстүрлерімізді қайта жаңғыртады. Кейінгі дәуірлердегі жоқтау үлгілеріне осы аруақпен айтысудың негіз болғандығын бағамдайды.

Х.Досмұхамедұлының шығармашылық қарымынан ой-өрісінің кеңдігі мен ауқымдылығы, білім-парасатының биіктігі мен тазалығы анық байқалып тұрады. Жазушылық, ғалымдық һәм ұстаздық тәлімі, шеберлігі арқылы үлкен-кішіні бірдей баулап алып, жан сарайларына сәуле түсіргендей ғажайып күйге бөлейді. Публицистикалық мақалаларының тақырыбының өзі оқырманның білуге деген құштарлық сезімін оятады. «Миллион деген немене?» деп қарапайым сауал тастап, сосын «миллион» деген ұғымның астарына жетелеп үңіліп түсіндіреді: «Көптің миллионды мұнша желеңдетіп жібергені дұрыс емес. Миллион баяғы миллион күйінде қалады, бірақ ақшаның бәсі кемиді. Осы күні қағаз ақшаның кәдірі кетті, бұрынғы бір сом ақшаны бәсі осы күнгі әлденеше миллион сомның бәсімен тең болды. Қолы толған миллион деп аталған қағаз болған соң, сағат сайын «миллион» деп естіген соң адам шатасып, миллионды жеңіл нәрсе деп ойлап кетті. Миллионның не екенін анық

үшін миллионды бәсі өзгергіш ақшамен өлшеу керек емес. Өлшемі өзгермейтін нәрсемен санау керек. Миллионды түсіну үшін бірнеше үлгі көрсетейік. Бір байдың миллион қойы болсын. Бар қойын көгендесін. Сонда көгеннің ұзындығы екі жүз алпыс шақырым болмақшы. Ташкент пен Түркістанның арасы жүз елу шақырым.

Халел Досмұхамедұлы «Ұйқы деген немене?» деп аталатын мақаласы да көлемі шағын болғанымен оқырманына терең ой салатын, ғылыми-танымдық жағынан көпшіліктің білуіне пайдалы мәселе төңірегінде сөз қозғайды.

«Ұйқысыз тірі жан күнелте алмайды. Сергек болу адамға қандай мұқтаж болса, ұйқы да сондай мұқтаж. Ұйқысы кемісе, адамның тіршілігі бұзылады. Ұзақ ұйықтамаса – адам өледі» Халық даналығы «ұйқы – дұшпан» деп тегін айтпаған. «Тіршілікпен туған денені улайтын нәрселерді «токсин» деп атайды екен». Міне, осы удан тазартып тұратын антиоксинді табуға оқымысты дәрігерлер іздену үстінде екендігін көпшілік оқырманға түсіндіреді.

«Санада» жарияланған ғылыми-танымдық мақаларының бірі – «Жұлдыздарды күндіз көруге бола ма?» деп аталады. Бұл мақалада аспан денелері турасында қызықты мәліметтер береді. «Ауаның жарығы соншама күшті, ар жағындағы жұлдыздардың жарығын, күннің шетіндегі, айналасындағы жарықты тасалап бізге көрсетпейді, қабаттап жасырып тұрады. Осы себептен күндіз жұлдыздар, Күннің шеті, айналасы бізге көрінбейді. Жердің айналасында ауа жоқ болса, жұлдыздардың бәрі де, Күн де толық болып, күндіз де түндегідей көрініп тұрар еді. Жұлдыздардың жарығы ауа жарығынан күшті болса, жұлдыздар күндіз көрінер еді... Жұлдыздарды күндіз көру үшін Жерді қоршаған ауаның жарығын жою керек. Сонда жұлдыздар түндегідей күндіз де жарқырайды», – деп астрономиялық тұрғыда тұжырымдайды.

Аталмыш журнал бетінде жарық көрген тағы бір «Мәшиненің күші» атты мақаласы оқыған жанға алғашқы сәтте ғылыми-танымдық, ағартушылық бағытта жазылғандай сезім қалдырары сөзсіз. Ал, егер мақалаға терең бойлап, мән берер болсақ, автордың меңзеген әлеумет-

тік-саяси астарына көңіл көзі жете түсері анық. Халел Досмұхамедұлы халқының шұғыл арада сауаттануына үндесіп: «Мәшине деген – жұмысты жеңілдету үшін адамның ойлап тапқан құралы. Ғылымды іздеп тауып, тексеріп, бәрін шешіп отырған – адамның ақылы. Осының бәрін істеп отырған- білім, біздей надан жұртқа бұл ғибрат, осы мәшинелердің астында тапталып қалмас үшін бізге де білімге ұмтылу керек. Шын азаттықты білім береді», – деп халқының интеллектуалдық біліктілігі ғана әлеуметтік-саяси тәуелсіздігінің кепілі екендігіне назар аударады. Сол жолда талмай еңбектену нәтижеге жеткізетініне сендіреді.

Х.Досмұхамедұлының баспа бетінде жарық көрген көптеген мақалалары халықтың сана-сезімінің оянуына, білімдерінің жан-жақты артуларына әсері мол болды.

«Сана» журналы туралы қазақ баспасөзінің тарихын зерттеген еңбектерде айтылған пікірлер әртүрлі. Олай болатын себебі, бұл журналды шығарып тұрған Х.Досмұхамедұлының жеке басына және бұрынғы Алаш қайраткерлерінің саяси-идеялық көзқарас танымына кеңестік дәуірдегі ғылыми-методикалық ұстаным тұрғысынан қалыптасқан теріс насихаттық ықпалынан туғаны бүгінгі таңда жасырын емес. Сондықтан да Халел Досмұхамедұлының көп жылдар бойы қоғамдық жұмыстары, еңбектері, жеке өмірі туралы да ешқандай мәліметтер кеңінен оқытылмай, жазылмай келді.

Баспа саласында Халелдің атқарған қызметтерін атап өтсек: Орта Азия мемлекеттік баспаның коллегия басқарма мүшесі (1923-1925 ж.), Қазақ Мемлекет баспасы күншығыс бөлімінің меңгерушісі (1925 ж.), Қазақ Мемлекеттік баспасы меңгерушісінің орынбасары және басқарма мүшесі (1926 ж.) болған.

Шоқтығы биік тұрған Халел Досмұхамедұлының публицистика саласындағы еңбектерінің маңыздылығы, публицист ретіндегі шеберлігінің үлгісі, оның өміршеңдігі қазіргі ғылым жолында жүргендерге зор әсер етеді десе де болады. Оның ұшқыр ойы мен өткір қаламынан қазақ елінің дамуына қажет маңызды еңбектер туды.

### Әдебиеттер

- 1 Досмұхамедұлы Х. Аламан. Құрастырушылар, алғы сөзін және түсініктемелерін жазғандар: Ғ.Әнесов, А.Мектепов, Ш.Керімов. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176-б.
- 2 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005.
- 3 Досмұхамедов Х. Таңдамалы. – Алматы: Мектеп. 1998.

### References

- 1 Dosmuxamedulı X. Alaman. Designers, the initial explanation of the word and wrote: Ғ.Әнесов, А.Мектепов, Ш.Керімов. – Almaty: Mother tili, 1991. – 176 p.
- 2 Kazakh literature. Butterworths. – Almaty: Aruna, 2005.
- 3 Dosmuxamedov X. Tañdamalı. – Almaty: School, 1998.